

Батыс Қазақстан облысы
Теректі ауданы
Шаған жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі
*Рысқалиева Қымбат Рысқалиқызы*



***Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу»-делінген.***



**Мақсаты:**

***Оқушылардың дүниетанымын және білім қорын кеңейту, пәнге қызығушылығын арттыру.***

***Ақпараттық-коммуникациялық технологияны терең меңгерген, өз Отанын шексіз сүйетін, мемлекеттік тілді құрметтейтін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, жан-жақты жетілген жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.***

**Міндеттері:**

***-оқушыға білім, білік, дағдыларын игерту;***

***-қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты қабілеттерін дамыту;***

***-жаңа технологиялардың тиімді жолдарын қолдану;***

***-оқушылардың білім сапасын жүйелі түрде жоғары деңгейге көтеру;***

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Барлық сала компьютерлендіріле бастады. Сонымен бірге еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ компьютерді терең меңгеруі тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту - білім берудің бір бөлігі.



*Интерактивтік оқыту технологиясы– бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысу-
шылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу үрдісіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту
үрдісін ұйымдастыру болып табылады...*



*Әр оқытушы сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, электрондық оқулық пен интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.*

# Интерактивті тақта

жаңа материалды өте қызықты етіп түсіндіруге көмектесетін, көзге көрінетін құнды құрал.

ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор

оқушылардың басты назарына айналады

жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндік береді

оқушылардың білімдерін тексере алады.

топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал.

# Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылықтары:

Бағдарлама бойынша барлық топ оқушыларына қолайлы

Әр ұстаз өз бетінше топпен жұмыстың жаңа түрлерін ойлап таба алады

Берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны топтағы оқушылары арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады

Оқушы алдына жаңа материалды жанды түрде көрсете отырып, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндік алады

Web-сайттарды, басқа да құралдарды қолдана отырып, жаңа материалдарды түсіндіруге, меңгеруге қолайлы

Оқытушының, оқушының да шабытын, қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге ынталандырады

# Электрондық оқулықтар

- білім деңгейін тереңдетуге;

-ауызекі тілде сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға;

-өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға;

- ойларын дамытуға;

-оқушының сөздік қорының молаюына;

-тілді үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығының артуына;

-сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына;

- өз ісіне талдау жасай алуға;

*Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру- ең негізгі мақсат болып айқындалады.*

*Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды. Мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі».*

# Интерактивті әдіс-тәсілдер

- шығармашылық тапсырмалар, жобалар;
- тірек-сызба, көрнекіліктер;
- топпен жұмыс;
- миға шабуыл әдісі;
- сыни тұрғысынан ойлау әдісі;
- викториналар, сөзжұмбақ, бейнесөздер
- зерттеулер; деңгейлік жаттығулар
- логикалық тапсырмалар
- іскерлік ойындар; рөлдік ойындар;
- тестілеу және бақылау;

**Сабақтарымда жаңа ақпараттық технологияның әдіс – тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар екеніне көз жеткіздім:**

*Оқушының оқуға деген ынтасы артады;*

*Әр оқушының жеке қабілеті айқындалады;*

*Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады;*

*Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;*

*Оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді.*

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әрбір оқушының білім беру үрдісіне шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен карауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп, сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыруы қажет.

# Сабақты жоспарлаудың негізгі талаптары

Оқушыларды сабаққа бар зейінін аударып және ықыласпен, ынта-жігермен тыңдауын ұйымдастыру

Сабақтың тақырыбына сай мақсатын нақтылай білу.

Оқытушының тақырыпты терең және жан-жақты меңгеруі.

Мұғалімнің материалды жеткізу шеберлігі, сезімі,тиімді әдіс-тәсілдері.

Мысалдардың өмірмен бай-ланыстылығы, баланы ойлан-туға,сөйлетуге, тәрбиелеуге ықпалы.

Оқушы меңгергенін іс-тәжірибеде, күнделікті сабақта қолдана алуы.

Топпен, жеке оқушымен жұмыстың жандылығы, әртүрлігі.

Көрнекі құралдардың нақтылығы, әсерлігі, мазмұндылығы.

**Ақпараттық және коммуникативтік технологияларды пайдаланып оқыту төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді**

***Оқу материалын жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;***

***Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;***

***Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;***

***Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;***

***Қорыта айтқанда, қазақ тілі  пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды, инновациялық әдіс – тәсілдерді пайдалану - білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар. Оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.***



# Шәкірт жетістігі – ұстаз мерейі















# Ұстаз жетістігі













